

ӘОЖ 341.29 (100)

М.А. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: madina74.04@mail.ru

Қазақстан мен Қытай арасындағы су мәселесі

Мақала Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесіне арналған. Екі ел арасындағы су мәселесінің бүгінгі жай-күйі, оларды шешуге бағытталған шаралар барысы, аталмыш мәселені шешу жолында тараптар үшін кездескен қиыншылықтар мен кедергілер кеңінен талданған. Трансшекаралық өзендердің Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үшін стратегиялық маңызы аталып, олардың тараптар үшін экономикалық тиімділігі, өзендерді дұрыс пайдаланбаудың экологиялық салдары және мәселенің басқа да тұстарына баға берілген. Қазақстан мен Қытай Елбасыларының, ведомстволар, министрліктер басшыларының өзара сапарлары барысында трансшекаралық өзендер мәселесін шешуге қатысты қол қойылған құжаттарға сараптама жасалған. Сонымен қатар мақалада трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану бойынша құрылған сарапшылар тобы жұмысының белгіленген әрекеттері мен нәтижелері қарастырылған.

Түйін сөздер: трансшекаралық өзендер, Қазақстан, Қытай, су мәселесі, екіжақты ынтымақтастық, экономикалық байланыстар.

M. Omarova

Water resources problems concerning the relations of China and Kazakhstan

The article is sanctified to the problem of the transfrontal rivers between Kazakhstan and China. The present state of problem of water resources, list of the measures sent to the decision of this question, difficulty and obstacle, is considered on the way of decision of problem of the transfrontal rivers. Strategic importance of the transfrontal rivers is also marked for Kazakhstan and China, the estimation of economic efficiency is given for parties, to the ecological consequences of the inefficient use of the rivers and other aspects of problem. The analysis of documents is conducted in decision of question of the transfrontal rivers signed during the mutual visits of heads of the states and leaders of departments and ministries of Kazakhstan and China. And also in the article cooperation of parties and job of group of experts performances are considered on the rational use of the transfrontal rivers.

Keywords: the Transfrontal rivers, Kazakhstan, China, problem of water resources, bilateral collaboration, economic relations.

М.А. Омарова

Проблема водных ресурсов между Казахстаном и Китаем

Статья посвящена проблеме трансграничных рек между Казахстаном и Китаем. Рассмотрены нынешнее состояние проблемы водных ресурсов, перечень мер, направленных на решение данного вопроса, трудности и препятствия на пути решения проблемы трансграничных рек. Также отмечена стратегическая важность трансграничных рек для Казахстана и Китая, дана оценка экономической эффективности для сторон, экологическим последствиям нерационального использования рек и другим аспектам проблемы. Проведен анализ документов по решению вопроса трансграничных рек, подписанных в ходе взаимных визитов глав государств и руководителей ведомств и министерств Казахстана и Китая. А также в статье рассмотрены взаимодействие сторон и результаты работы группы экспертов по рациональному использованию трансграничных рек.

Ключевые слова: Трансграничные реки, Казахстан, Китай, проблема водных ресурсов, двустороннее сотрудничество, экономические отношения.

Су – Қазақстан мен Қытай арасындағы толық шешіле қоймаған аса маңызды мәселелердің бірі. Екі ел арасындағы тарихтан қалған шекара мәселесі сияқты трансшекаралық өзендер де Кеңес дәуірінен келе жатқан мәселе

болып табылады. Аталмыш мәселе алғаш 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында басталған. Ол кезде ҚХР-мен трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану және қорғау мәселелерін реттейтін мемлекетаралық келісімді

дайындау туралы уағдаластыққа қол жеткізілген еді. Тараптар көзқарастарының әртүрлігінен мәселені шешу ұзаққа созылып кетті. Тәуелсіз жас Қазақстан үкіметі трансшекаралық өзендер мәселесін ең негізгілердің қатарына қосты. 1992 жылы Қытай тарапына аталмыш мәселеге сәйкес келісімнің қазақстандық жобасы ұсынылған болатын [1].

Содан бұл мәселе бойынша алға басушылық тез байқала қоймайды. Трансшекаралық өзендер мәселесін қайта көтеруге себеп болған жайт – ҚХР-дың Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы ауданы басшыларының Қара Ертіс ағынының белгілі бір бөлігін провинцияның орталық аудандарындағы шөл далаға аудару туралы шешімі Қазақстанда белгілі болды. 1997 жылы Қытай Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті де айтылған ұсынысты қолдайды. ШҰАА үкіметінің бекіткен №635 жобасына сәйкес Қара Ертісті «бұру» жұмысының нақты кестесі құрылған болатын және ол жұмыстарды 1999 жылдың қазанына дейін жүзеге асыру қарастырылған [2].

Қытайдың экономикалық дамуы оның әр бөлігінде әркелкі. Мысалы, Қытайдың оңтүстік-шығыс аймағының даму деңгейі мен халқының тұрмыс деңгейі жоғары, ал дамудың анағұрлым төмен деңгейін Қытайдың батысынан байқауға болады. Бірақ соңғы кездері Қытайдың батыс өлкесі, атап айтсақ, Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы ауданында экономикалық даму жылдам қарқын ала бастаған. Әсіресе өндірісті дамытуға үлкен көңіл бөлініп отыр. Міне, осындай елдің екі жақ бөлігіндегі алшақтықты жою мақсатында батыс аймақтың экономикалық дамуы негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Ал өнеркәсіпті дамытуда, халықтың тұрмыс-тіршілігі үшін судың қаншалықты қажет екенін айтпаса да түсінікті.

Алғаш рет трансшекаралық өзендерді пайдалану мәселесі бойынша ресми келіссөздер 1998 жылы басталды. Осы жылдан бастап Қазақстан мен Қытай арасында аталмыш мәселе бойынша келіссөздердің 5 раунды өтіп, нәтижесінде трансшекаралық өзендер бойынша Бірлескен жұмыс тобы құрылады. 2000 жылдың 6 қарашасында Алматыда осы топтың бірінші мәжілісі болып, онда 23 трансшекаралық өзеннің тізімі жасалып, 3 кезеңнен тұратын жұмыс белгіленген болатын.

Трансшекаралық өзендер мәселесі екі ел ресми адамдарының кездесулерінде әрдайым талқыланды. Бірақ Қытай жағы суға байланысты

мәселені жауапсыз қалдырып отырды. Тек 1999 жылдың 31 наурызындағы Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминге Жолдауы сол жылдың мамыр айында су мәселесіне байланысты келіссөздердің жандануына септігін тигізді. Қытай басшысына жолдаған хатында Н. Назарбаев трансшекаралық су ағысының жағдайы қоршаған ортаның тұрақтылығы мен екі елдің экономикаларының дамуының шешуші факторы болып табылатынын айта келіп, Қазақстан мен Қытайдың тиісті министрліктері мен ведомстволарына сол жылдың сәуірінде су ресурстарын тиімді пайдалану, олардың ластануын азайту мен болдырмау мәселелері жөніндегі келіссөздерді бастауды тапсыруды ұсынды. Бұл келіссөздердің нәтижесі трансшекаралық өзендерді бірлесе пайдалану мен қорғау жөніндегі келісімге қол қою бола алатынын айтты. Қазақстан Президенті тараптар бірлесе отырып, Қазақстан-Қытай қатынастарында дәстүрге айналған достық пен өзара тиімділік рухында осы мәселе жөніндегі өзара іс-қимылдың нақты жүйесін жасай алады деп сенім білдірді [3]. Сөйтіп, нәтижесінде аталмыш мәселеге байланысты келіссөздер жүргізуге келісім алды.

1997 жылы Қазақстан, Қырғыз Республикасы және Ресей әр мемлекет жеке-жеке Қытай тарапына трансшекаралық өзендер мәселесі бойынша хаттар жолдаған болатын. Қытай жауап ретінде аталмыш мәселе бойынша екіжақты форматтағы келіссөздер жүргізуге ниет білдірді. Мұны ол әр жағдайға өзіндік жол керек деп түсіндірді [1].

Ал кейбір сарапшылардың пікірінше, Қытай жағы ұсынған екіжақты келіссөздерден бас тарту Қазақстан үшін тиімдірек және бұл мәселеге қызығушылығы бар тараптарды (ол, ең алдымен, Ресей, себебі Ертіс өзені Ресейдің Омбы облысы үшін өте маңызды, сонымен бірге Қырғыз Республикасы, өйткені бірқатар Қытай өзендері Қырғызстаннан бастау алады) тартып, көпжақты келіссөздер Қытай тарапының басымдығын әлсірете түседі [4].

Бірақ Қазақстан да, Қытай да трансшекаралық өзендер мен көлдер бойынша халықаралық конвенцияға қол қоймағандықтан, өзара келіссөздерге үшінші тараптың, мысалы, Ресейдің қатысуына кедергі болып тұрған фактор болып табылады. Мұның өзі өзара диалогтың дамуына, үшінші жақты немесе бүкіләлемдік

қоғамдастықты, сонымен бірге тиісті халықаралық ұйымдар мен қорлардың назарын аударуын белгілі дәрежеде қиындата түседі [5].

Екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер тізіміне Ертіс өзені алқабынан алты өзен, Іле өзені алқабынан үш өзен, барлық таулы жүйе өзендерінен сегіз өзен енгізіліп отыр. Ондағы гидрологиялық бақылау орындары анықталды. 2001 жылғы 23-25 маусымда бірлескен эксперт тобы Ертіс-Қарамай каналының сағасына және Ертіс өзеніндегі тоспаға тексеру жасады. Қытай жағының өз аумағындағы су қоймаларын қарауға мүмкіндік беруі олардың бұл мәселені әділдікпен шешуге ынталы екендігін дәлелдейді.

2001 жылдың қыркүйек айының 12-сінде ҚХР Үкіметінің басшысы Чжу Жунци Қазақстанға ресми сапармен келген болатын. Үкімет басшыларының кездесуі барысында бірлескен алты құжатқа қол қойылды. Оның ішінде трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге келуі аталмыш мәселені шешуге жасалған нақты қадам ретінде қарастырылады [6].

ҚХР су мәселесінде ұлттық өзімшілдікті ұстанбайтыны туралы Пекин мәлімдемесі қолайлы жағдай туғызуда. ҚР СІМ-нің ТМД істері комитетінің төрағасы А. Қожақовтың сөзі бойынша, қытай тарапы бір тараптың аумағында трансшекаралық өзендерді пайдалану екінші тарапқа нұқсан келтірмеуі тиіс деп мәлімдеген. Сондай-ақ келіссөздер барысында Астана мен Пекин өзара тиімділік негізінде Қазақстан Қытай аумақтарында орналасқан гидротехникалық құрылыстарды аралап көруге келісті. Ертіс пен Іле өзендеріндегі су-шаруашылық объектілермен танысу және зерттеу жұмыстарының жоспары бекітілген [7].

2001 жылдың қыркүйегінде Астанада қол қойылған трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 2-бабында трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғауда тараптар әділеттік пен ұтымдылық қағидаттарын ұстана отырып, шынайылық, тату көршілік пен достық тұрғысынан тығыз ынтымақтасатындығы айтылған. Ал 5-бабында: «Тараптар ынтымақтастықты мынадай салаларда жүзеге асыра алады:

- су мөлшері мен сапасын бақылау және өлшеу постыларының орналасу жерлерін келісу және белгілеу;

- бақылаудың, өлшеудің, талдау мен бағалаудың бірыңғай әдістерін зерттеу;

- тараптар келіскен постылардағы гидрогеологиялық бақылау мен өлшеулердің мәліметтеріне талдау жүргізу және оларды жиынтықтау;

- су тасқындары, мұзданулар және басқа да табиғи апаттар әсерлерінің алдын алу, немесе жеңілдету жөнінде мүмкін болатын бірлескен зерттеулерді жүргізу;

- трансшекаралық өзендер сулылығының және суының сапасының келешектегі өзгеру үрдістерін зерттеу;

- қажет болған жағдайда, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласында бірлескен зерттеулер жүргізу мен тәжірибе алмасу», – делінген.

Сонымен қатар келісімде көрсетілгендей, аталмыш мәселемен айналысатын Қазақстан-Қытай Бірлескен комиссиясын құру белгіленіп, оның жиналысы жылына бір рет Тараптар аумағында кезектесіп жүргізіліп отырмақ. Бұл келісім 8 жылға жасалынды. Келісім 2002 жылдың 1 қазанында күшіне енген.

Дегенмен Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім трансшекаралық су ресурстарын пайдалануда Қазақстан мүддесін ескеру туралы қытай тарапының қандай да болмасын міндеттерін қарастырмаған. Сондықтан бұл келісім екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесін толық шешті деп айтуға болмайды. Әйтсе де екі мемлекеттің мұндай келісімге қол қоюын аталмыш мәселені шешудегі тағы бір қадам ретінде ғана бағалаған дұрыс.

2004 жылғы 19 мамырда Президент Н. Назарбаев өзінің Қытайға ресми сапары кезінде Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы Компартиясының хатшысы Ван Лэцюаньмен кездесіп, онда ҚХР-дың бұл мәселе бойынша көзқарасы анықталды. Онда: «Трансшекаралық өзендер мәселесіне келгенде, біз Сіздің позицияңызға зор құрметпен қараймыз делінді, мәселен, біздің есебіміз бойынша Ертістен 12,3 миллиард текше метр су өтеді. Қытай жағы оның 1,5 миллиард текше метрін ғана өз мақсатына пайдаланады. Ал Іленің суы 16,7 миллиард текше метр болса, біз соның 3,5 миллиард текше метрін ғана пайдаланамыз». Бұл қос өзеннің арнасының кемуіне немесе экологиялық қауіпсіздігіне зиянын тигізбейтіні атап көрсетілді [8].

Әйтсе де қарама-қайшылықтар жоқ емес, егер Қытай тарапы Ертістен 12 млрд текше метр су ағады деп есептесе, Қазақстан жағы 9 млрд текше метр құрайтынын айтады. Қытай тарапы 12-нің 1,5-н пайдаланам, оның ешқандай зияны жоқ десе, біздікілер 9-дың 1,5-ын пайдаланғанда Қазақстан экономикасы мен экологиясына тигізер залалы зор болатынын айтады.

2004 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендерге қатысты мәселелерді шешу үшін оларды үнемді пайдалану және қорғау туралы бірлескен комиссия құрылды. Содан бері бұл комиссияның 3 отырысы өткізіліп, жоспарлы түрде Қазақстан және Қытай жерлерінде Ертіс пен Іле өзендерінде салынған гидро және су шаруашылығы кешендерін есепке алды, трансшекаралық өзендерге қатысты гидрологиялық және гидрохимиялық мәліметтермен, судың сапасын анықтайтын мемлекеттік стандарттар үлгілерімен алмасты. 2005 жылы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі мен ҚХР Су шаруашылығы министрлігі Трансшекаралық өзендердегі табиғи апаттар жөнінде тараптардың бір-біріне шұғыл түрде хабар беруі туралы келісімге қол қойды. Қазіргі таңда Қазақстан сарапшылары қытайлық әріптестерімен трансшекаралық өзендер алқабындағы гидрологиялық және гидрохимиялық мәліметтермен өзара алмасу, өзендер алқаптарында біріккен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және олардағы судың сапасын бақылау және ластанудың алдын алу мәселелерін талқылауды жоспарлаған [9].

Алайда 2007 жылы ҚХР ШҰАА басшылары біржақты тәртіппен Үлкен-Ласты өзенінің суын бұрып алған. Сол себепті Шығыс Қазақстан облысының Майқапшағай, Досым және Үмбетай шаруашылығы іс жүзінде сусыз қалған. Зайсан ауданының Әкімдігі ҚХР ШҰАА-ның Іле-Қазақ автономиялы облысының әкімшілігімен келіссөздер жүргізуге тырысып баққан, бірақ қытай тарапы қандай болмасын түсініктеме беруден бас тартқан, ал бұл өз кезегінде 2002 жылғы үкіметаралық келісімді бұзу болып саналады [10].

2009 жылдың сәуір айында ҚР премьер-министрі К. Мәсімов Қытайға ресми сапары барысында трансшекаралық өзендер мәселесіне де тоқталған болатын. Ол трансшекаралық өзендер мәселесінде бұған дейін жалпы қол жеткізілген уағдаластықтарға оң баға бере оты-

рып, Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау туралы мәселелерді қозғады. Үкімет басшысы Қазақстан Республикасы үшін де, ҚХР үшін де халық шаруашылығы саласында үлкен маңызы бар Ертіс пен Іле өзендеріндегі су бөлу мәселелерін Қазақстан егжей-тегжейлі талқылауға кірісу қажет деп санайтынын айтты. Трансшекаралық өзендер суының сапасын бақылау және олардың ластануының алдын алу туралы келісімнің жобасын даярлауды жеделдету, сондай-ақ мерзімі 2009 жылы аяқталатын трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласында ынтымақтастық туралы жаңа үкіметаралық келісімді даярлауды қолға алу қажеттілігін атап көрсетті [11].

2010 жылдың маусым айындағы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға сапарының қорытындысы бойынша қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Бірлескен Коммюникесінің 11-тармағында: «Тараптар «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Трансшекаралық өзендердің су сапасын қорғау жөніндегі келісімінің» мәтінін келісу бойынша Тараптардың табиғат қорғау ведомстволарының қол жеткізген уағдаластығын жоғары бағалайды, екі мемлекеттің табиғат қорғау ведомстволарының «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің» мәтінін келісуді 2010 жылы аяқтау жөніндегі күш-жігерін белсене қолдайды» делінген.

Соңғы жылдарда трансшекаралық өзендер мәселесі тараптардың тұрақты да жүйелі түрде талқылайтын мәселесіне айналғанымен (аталмыш мәселеге қатысты құрылған бірлескен жұмыс тобы жыл сайын әр тарапта кездесіп, барлығы 8 отырысы болған), мәселенің нақты шешім табуы екіталай көрінді. Қытайтанушы К. Сыроежкіннің пікірінше, осы уақытқа дейін қол жеткізілген уағдаластықтар мен бүгінгі таңда бар шарттық-құқықтық база су сапасы мен оны бұру және трансшекаралық өзендердің экологиясына қатысты мәселелердің барлығын дерлік шешуге мүмкіндік береді. Алайда мәселелердің әлі де болса шешілмеуінің негізгі себебі ретінде ғалым біздің ауыспалы

шенеуніктеріміздің басқаның пікіріне жүгіне отырып, өздерін өз үйінде қожайын ретінде сезінуді әлі үйрене алмағандығы болуы мүмкін деп санайды [10, кн. 1, с. 133]. Уағдаласушы қарсы тарап қандай күшті болса да, ұлттық, экономикалық және экологиялық қауіпсіздік секілді мемлекетіміз үшін аса маңызды мәселені шешуде табандылық таныту осы мәселені шешумен тікелей айналысатын басшылардың құзырында екені даусыз.

2011 жылдың ақпан айындағы Елбасының Қытай Халық Республикасына іс-сапары барысында бірқатар маңызды Үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Ертiс, Іле және т.б. трансшекаралық өзендер суының сапасына қатысты, Қорғас тарншекаралық өзенінде бірлескен «Достық» су торабын салу туралы Келісімге қол қойылуының маңызы ерекше болып табылады. Президент Н. Назарбаев ҚХР-ға жасаған мемлекеттік іс-сапарын қорытындылай келе былай деді: «Бүгінгі мемлекеттік сапарды өзекті мәселелер бойынша шешімдер қабылдану тұрғысынан алғанда өте жемісті болды деп санаймын. Трансшекаралық өзендер мәселесі көптен бері күн тәртібінде тұрған мәселе болатын. Ал бүгін біз Ертiс, Іле және т.б. трансшекаралық өзендеріндегі судың сапасын екі жақтан қадағалау туралы келісімге қол қойдық. Ендігі күн тәртібіндегі мәселе әділ су бөлу мәселесі болып табылады». Келісім екі мемлекеттің трансшекаралық өзендер суының сапасын қамтамасыз етуін қарастырады және екі жақтың суды қорғау, қадағалау, мониторинг жүргізу жұмыстарын регламенттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар судың ластануы орын алған жағдайда оның салдарын жою, екінші тарапқа ол туралы хабар беру нормалары су сапасын қорғау келісіміне алғаш рет енгізіліп отыр. Жоғарыда аталған

оқиғалардың ішінде ерекше маңызы бар мәселе болып Қорғас өзенінде бірлескен «Достық» су торабынның құрылысын салу болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында осы жаңа нысанның құрылысының мерзіміне және басқа да мәселелері талқыланды [12].

Президент Н. Назарбаев жуырда ғана өткен Қытайға ресми сапары кезінде жаңадан сайланған Қытай басшысы Си Цзиньпинмен кездесті. Сапар аясында көптеген маңызды мәселелермен қатар, трансшекаралық өзендерді пайдалануды реттеу мәселесі де талқыланды. «Си Цзиньпин мырза ҚХР ешқашан Қазақстан экономикасына зиян, шығын келтіретін ештеңе істемейтінін мәлімдеді», – деді Назарбаев. Алайда бұл Қытай басшыларының үйреншікті сөзі болып көрінеді. Өйткені осы уақытқа дейін өз мемлекетінің мүддесіне орай ғана әрекет етіп келе жатқан Қытай мен біздің еліміз арасында жасырын шиеленістің бар екендігін мойындау керек. Бірақ жария түрде қарсылық көрсетудің әлеуеті әлдеқайда төмен Қазақстан үшін пайдалы болмасы сөзсіз.

Қорыта келе, адамзат дамуының негізгі көзі болып табылатын су мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттер мүдделерінің қақтығысын туғызып отыр. Экономикалық пайда көзін іздеп, трансшекаралық өзендер суларын пайдалануда табиғи тепе-теңдік сақталмайтын болса, өте өзекті экологиялық мәселені тудырады. Сондықтан бұл мәселеде Ертiс, Іле суларын ортақ пайдаланатын мемлекеттердің парасатты шешім табу талпынысына жүгінеміз. Кез келген халықаралық, мемлекетаралық мәселені өзара түсіністік, өзара тиімділік, өзара ыңғайға көнүшілік негізінде бейбіт жолмен шешкен абзал.

Әдебиеттер

- 1 Министр Е. Идрисов: Трансграничные реки должны стать мостами добрососедства и дружбы // Казахстанская правда. – 1999. – 20 ноября.
- 2 Сыроежкин К.Л. Взаимоотношения Китая с государствами Центральной Азии // Казахстан-Спектр. – 1999. – № 1 (11). – С.86.
- 3 Президент Н. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге Жолдауы (31.03.1999 ж.) // Дипломатия жаршысы. – 1999. – № 2. – 13 б.
- 4 Темирболат Бахытжан. Между Китаем и Казахстаном может начаться конфликт из-за воды // Саясат. – 2000. – № 2. – С.98.
- 5 Розыбакиев Р. Куда текут реки // Деловая неделя. – 1999. – 29 октября.
- 6 Мүсіреп Ғ. Ертiс енді еркін ағатын болады // Егемен Қазақстан. – 2001. – 14 қыркүйек.
- 7 Гусева Л.Ю. Проблема использования водных ресурсов трансграничных рек в казахстанско-китайских отношениях // <http://www.kisi.kz/Parts/Confs/cnf3-/3Guseva.html>.

- 8 Абдулпаттаев С. Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары // Ақиқат. – 2004. – № 8. – 14 б.
- 9 Қожатаев Е., ҚР Сыртқы істер министрлігі Азия және Африка департаментінің директоры. Қытай Халық Республикасымен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту туралы бірер сөз // Егемен Қазақстан. – 2006. – 15 сәуір.
- 10 Сыроечкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2010. – кн. 1, С. 130.
- 11 Қазақстан мен Қытай Үкіметтерінің басшылары трансшекаралық су қорларын бірлесіп пайдалану мәселелерін талқылады // ҚазАқпарат. – 09.04.2008.
- 12 Қазақстан және Қытай. Екі өзен – Дипломатия картасы // <http://www.cawater-info.net>

References

- 1 Ministr E. Idrisov: Transgranichnye reki dolzhny stat mostami dobrososedstva i druzhby // Kazakhstanskaya pravda. – 1999. – 20 noyabrya.
- 2 Syroezhkin K.L. Vzaimootnosheniya Kitaya s gosudarstvami Centralnoi Azii // Kazakhstan-Spectr. – 1999.- № 1 (11). – S.86.
- 3 Prezident N. Nazarbayevtyng Kytai Halyk Respublikasynyng Toragasy Jiang Zemingge Zholdauy (31.03.1999 ж.) // Diplomatiya zharshysy. – 1999. – № 2. – 13-b.
- 4 Bahytzhan T. Mezhdou Kitaem i Kazakhstanom mozhet nachatsya konflikt iz-za vody // Sayasat. – 2000. – № 2. – S.98.
- 5 Rozybakiev R. Kuda tekut reki // Delovaya nedelya. – 1999. – 29 ocyabrya.
- 6 Musirep G. Ertis endi erkin agatyn bolady // Egemem Kazakhstan. – 2001. – 14 kyrkuyek.
- 7 Guseva L.U. Problema ispolzovaniya vodnyh resursov transgranichnye rek v kazakhstansko-kitaiskih otnosheniyah // <http://www.kisi.kz>.
- 8 Abdulpattayev S. Kazakhstan-Kytai karym-katynastary // Akikat. – 2004. – № 8. -14-b.
- 9 Kozhatayev E., KR Syrtky ister ministrliги Aziya zhane Africa departamentining direktory. Kytai Halyk Respublikasy men ozara tiymdi yntymaktastykty nygaitu turaly birer soz // Egemem Kazakhstan. – 2006.04.15.
- 10 Syroezhkin K.L. Kazakhstan-Kitai: ot prigranichnoi trgovli k strategicheskому partnyorstvu. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2010.- kn. 1, S. 130.
- 11 Kazakhstan men Kytai Ukimetterining basshylary transshekaralyk su korlaryn birlesip paidalanu maselelerin talkylady // KazAkparat. – 09.04.2008.
- 12 Kazakhstan zhane Kytai. Eki ozen – Diplomatiya kartasy // <http://www.cawater-info.net>